



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 1 (96)

Нұр-Сұлтан
2022



Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан).
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия).
Бороффа Н.,	археология докторы, профессор (Германия).
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан).
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан).
Касеналин А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан).
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан).
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан).
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан).
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан).
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ).



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Жизнь музея

Акжасарова А.К., Жумагулова К.Б.,
Ибраева Г.О. Легенда казахской сцены..... 4

Археология

Кунитаке Садакатсу, Таймагамбетов Ж.К.
Микропластинчатая индустрия раннего
верхнего палеолита на юге Казахстана:
подробный анализ кареноидных нуклеусов для
пластинок из стоянки Бүйрекбастау-бұлақ-1 в
горах Каратау 10
Абильмаликов К.К., Курманиязов Ы.С.,
Назаров А.Ж. Утюжок в Ботайской
археологической культуре 35

Этнография

Төлегенұлы Б. Орхон-Енисей жазбаларындағы
«елші» және «йалабач» атаулары хақында 42
Артықбаев Ж.О. XIX ғасырдағы қазақ
қоғамының этноәлеуметтік құрылымы мен
ерекшеліктері 48

Бейнелеу өнері

Ақсақалова Ж.А. Соцреалистік сипаттағы
Қазақстан кескіндемесіндегі еркіндік тақырыбы
..... 60

Тарих

Нұрахметұлы И. Ғұн империясы – қазақ
мемлекеттілігінің бастауы 68

Тарих. Тұлға. Тағылым

Алпысбес М. Абай және оның заманы мен
тарихи көзқарастары 74
Оспан С.К. Шолақ туралы шындық 86
Оспан С.К. Тұмайды енді қайтып Иманжүсіп
..... 102

Филология

Жақан Ә.Қ. Әлемдік шығармалардағы
Шыңғыс хан бейнесі 112
Айтұғанова С.Ш. Детальдың көркем туынды
құрылымындағы орны 121

Музей ісі

Құрманиязов И.С., Жасекенов М.Қ.,
Тілеуқабыл Ж.Ж. Арал және Қазалы аудандық
тарихи-өлкетану музейлерінің құрылу
тарихынан 131
Көзейбаев С.Ә., Сайлау А. Тарихи мұраны
ұлықтаған жоба 143

CONTENTS

Museum life

Akzhassarova A. K., Zhumagulova K. B.,
Ibraeva G. O. Legend of the kazakh stage 4

Archeology

Kunitake Sadakatsu, Taimagambetov Zh.K.
Microplate industry of the early upper paleolithic
in the south of Kazakhstan: detailed analysis of
karenoid nuclei for plates from the Buirekbastau-
bulak-1 man site in the Karatau mountains 10
Abilmalikov K.G., Kurmaniyazov Y.S.,
Nazarov A. Zh. Flat iron in the Botai archaeological
culture 35

Ethnography

Tolegenuly B. About the names «Elshi» and
«Yalabach» in the Orkhon-Enisei records 42
Artykbayev Zh.O. Ethnosocial structure and
features of kazakh society in the nineteenth
century 48

Fine arts

Aksakalova Zh.A. The theme of freedom in
painting of Kazakhstan of social realistic character
..... 60

History

Nurahmetuly I. The hun empire – the beginning of
the kazakh Statehood 68

History. Personality. Learning

Alpysbes M. Abay and its time and historical views
..... 74
Ospan S.K. The truth about Baluan Sholak 86
Ospan S.K. Life and creativity of Imanjususup
..... 102

Philology

Gakan A.K. The image of Genghis khan in the
world works 112
Aituganova S.Sh. The place of the details in the
structure of the artwork 121

Museum business

Kurmaniyazov Y. S., Zhasekenov M.K.,
Tleukabyl Zh. Zh. From the history of the creation
of the Aral and Kazalinsky regional museums of
history and local lore 131
Kozeibaev S.A., Sailau A. A project that glorifies
the historical heritage 143

Төлегенұлы Б.¹

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

e-mail: ediz87@mail.ru

ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ «ЕЛШІ» ЖӘНЕ «ЙАЛАБАЧ» АТАУЛАРЫ ХАҚЫНДА

Көне түркі жазба ескерткіштері ашылғаннан бері ғылыми ортада оған қызығушылық арта түсті. Өткен ғасырдың орта тұсынан бастап ескерткіштер мәтіндеріне тарихнамалық тұрғыда көңіл бөлініп, түркілердің төл тарихы жөніндегі маңызды дереккөз ретінде қарала бастады. Түркі қағандықтарының дипломатиялық қарым-қатынастар туралы негізінен қытай, соғды, грек және т.б. халықтарының тарихи құжаттары арқылы жетіп отыр. Алайда соңғы зерттеулер көне түркі бітіг жазуларының көшпенділердің сыртқы және ішкі байланыстары туралы толыққанды ақпарат бермесе де, мәтіндегі мәліметтер жанама, әрі қосымша деректер ретінде пайдалануға болатынын көрсетеді. Осы тұрғыда бұл мақалада орхон-енисей жазба ескерткіштерінде кездесетін елшілікке қатысты атаулар жинақталып, көне түркілердің дипломатиялық қатынастар жасаған халықтарының тізімі беріледі.

Түйін сөздер: бітіг, орхон-енисей, көне түркілер, дипломатиялық қарым-қатынас, елші, йалабач, тайпалар.

Кіріспе

Орхон ескерткіштерінің тарихнамалық маңызы туралы көрнекті түркітанушы С.Г. Кляшторный «Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии» атты іргелі еңбегінде кеңінен тоқталады. Аталған ғылыми жұмыста ол Шығыс Түрік қағандығының құрылуынан бастап құлдырауына дейінгі тарихы осы мемлекеттің дамуына атсалысқан қайраткерлердің атынан дәйекті түрде баяндалып, бір-бірін өзара толықтыра отыратын Орхон жазулары мен көне Ұйғыр қағандығы мәтіндерінің маңызы зор екендігін көрсеткен.

Осы баяндаулардың әрқайсысы саяси оқиғалар туралы баяндап қана қоймайды, керісінше, дереккөздің құндылығын айтарлықтай арттырады. Өйткені қытай жылнамаларындағы «тарихи оқиғалардың» хаттамалық сипаттамасына қарағанда, белгілі бір оқиғаларға қатысты мәлімдемелер мен пікірталастарды салыстыру қағандық ішіндегі әлеуметтік қақтығыстар мен саяси қайшылықтарды байқауға мүмкіндік береді (Кляшторный, 1964: 55).

Орхон мәтіндерін талдаудың тарихнамалық аспектілері әртүрлі. Онда Түркі қағандығының саяси-әлеуметтік тарихының дереккөзі ретінде ішкі тарихындағы оқиғаларға,



сондай-ақ оның Қытаймен және Орталық Азияның басқа да мемлекеттерімен қарым-қатынасы туралы ақпарат беріледі.

Орхон ескерткіштерінің бірқатары Орталық Азия тарихының оқиғаларына қатысты дереккөз ретінде орны ерекше. Оларды талдау арқылы тарихи-географиялық, тарихи-саяси және этнологиялық мәселелерді кешенді зерттеу жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Орхон жазбаларының ішіндегі ең маңыздылары – Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк, Күлі-чор, Онгин, Моюн-чор ескерткіштері жатады.

Бұл тұрғыда жалпы көне түркі бітіг жазулары дереккөз ретінде сол кезеңдегі елшілік пен дипломатиялық қарым-қатынастары жайында құнды ақпараттық айғақтар болып табылады. Аталған тақырып ауқымына тек орхон ескерткіштері ғана емес, сондай-ақ енисей мәтіндері де кіреді. Бұл өз кезегінде Қырғыз қағандығының да сыртқы қарым-қатынастары туралы деректерді қамтиды.

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі елшілікке қатысты атаулар

Түркі қағандығының көршілес ірі мемлекеттермен дипломатиялық қатынас орнатуы Орта Азияға жорықтарынан басталады. VI ғасырдың 60-шы жылдары Сырдария мен Әмудария аумағы түркілер билігіне өтеді. Дәл осы кезеңде көк түркілердің соғдылармен қарқынды қарым-қатынастары кеңейе бастады (Бабаяров, 2004: 55).

Ұлы Жібек жолы сауда-саттықтағы ортақ мүдде бұл қатынастарды одан әрі бекітті. Түркілер Қытайдан олжаланған жібектерді сатып алушыларды тапса, соғды саудагерлері қағандардың ықпалы арқылы бағалы тауарды Иран мен Византияға жіберіп отырды. Өз кезегінде бұл түркілердің дипломатиялық қатынасының ауқымын кеңейтті.

Бұл туралы бірінші хабарлама Менандр Протектордың 583-584 жылдары аяқталған «тарихына» тиесілі. Онда 568 жылы соғды Маньяхы басқарған түркі елшілігін Византия императоры Юстин II қабылдағаны туралы айта отырып, Менандр қағанның «скиф жазуы» (το γράμμα τὸ Σχνητικ το γράμμα τὸ Σχνητικ) арқылы жазылған хабары туралы

айтады (Менандр, 1908: 159). Менандрдың бұл ақпараты дипломатиялық қарым-қатынаста түркілердің төл жазуын қолданғаны туралы жанама дерек беретіндей. Сондықтан да, көне түркі жазба ескерткіштеріндегі елшілік туралы деректер аса маңызды.

Осы тұрғыдан бұл мақалада Орхон және Енисей жазба ескерткіштеріндегі дипломатиялық қатынастар мен елшілікке қатысты атаулар туралы сөз етпекшіміз.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде елшілікке қатысты iCl – elči (елші), YBLJ – jalavač (елші, хабаршы) секілді сөздер кездеседі.

Көне түркі сөздігінде аталған сөздерге төмендегідей мағына беріледі (ДТС 2016, 181; 242):

Elči 1. Посол, вестник; 2. Важное должностное лицо; правитель.

Jalavač/ Jalavač 1. Гонец, посол; 2. Пророк, посланник.

Бұл сөздер Енисей және Орхон ескерткіштерінің екеуінде де осы екі нұсқамен беріліп отырады.

I. Енисей жазбалары

Ғалымдар Енисей бітіктастары мен ескерткіштердің дені хронологиялық тұрғыдан VIII-X ғасырларға қатысты екендігін анықтады.

Бұл мәтіндерде Түрк, Түргеш, Қырғыз, Ач, Чик, Төлбери және т. б. этнонимдер кездеседі. Тарихи тұрғыдан алғанда, Енисей ескерткіштері Түрік Елі, көне түрк ұлыс мемлекеттерінің, әсіресе «қырғыз ұлысының» дәуіріне жатқызылады.

Енисей жазба ескерткіштерінде **E-1, E-14, E-29, E-30** ұстындарында **elči** және **jalavač** сөздері кездеседі.

E-1, Уюк-Тарлак

NDUBGB iTL mtr isiCla aK mla irt nb
xTUT NGUTla mT (2)
mtrgbaQ

Транслитерация:

(2) Atim : El Tuγun : Tutuq : ben : Tenjiri : Elim
: ke : **elčisi** : ertim : altı : baγ : budun : qa : (beg :
ertim:)

Аударма (С.Е. Малов бойынша):

(2) Мое имя Эль Туган тутук. Я был **посланником** (эльчи) у божественного моего народа. Я был князем (бег) шестисоставному народу (народу шести отделов – алты бағ) (Малов, 1952: 11).

Қазақша:

(2) Атым Ел Туған. Мен Тәңір елінің **елшісі** едім. Алты бау еліме бек едім.)

Е-14, Чаа-Қол II

alCCUR KuCBRY (1)

Транслитерация:

(1) Elči Ćur Kŭs Baris

Аударма (С.Е. Малов бойынша):

(1) Я **посланник** (?) Чур сильный Барс (Малов, 1952: 37).

Қазақша:

(1) **Елші** Чор Күш Барыс

Е-29, Алтын көл II

mdmlK mDRB YBLJ aQNQtuputnuCumdr

(8)

Транслитерация:

(8) Er erdem ūĉün Tŭpŭt qanqa : **yalabaš** bardim : kelmedim :

Аударма (С.Е. Малов бойынша):

(8) Ради доблести я ходил **послом** к тибетскому хану. Я доставил (оттуда добычу) (Малов, 1952: 56).

Қазақша:

(8) Батыр ерлік үшін Тибет ханына: **елші** болып бардым: келе алмадым

Е-30, Уйбат I

NpRBaQNQaRQadnli nCunmdr (2)

azmgb zydmlK NpRB CBLJ (3)

Транслитерация:

(2) erdemin ūĉün elinde Qara qanqa baripan

(3) **yalabačĭ** : baripan : kelmedinĭz : begimiz-e

Аударма (С.Е. Малов бойынша):

(2) Ради доблести из среды народа (государства) отправившись к Кара-хану

(3) Отправившись **послом**, вы, наш бег (начальник), не вернулись обратно (Малов, 1952: 59).

Қазақша:

(2) ерлігі үшін елінде Қара ханға барып

(3) **елшісі**: барып: келмедіңіз: бегіміз

Жоғарыда көрсетілген Енисей жазбалары арқылы эпиграфия иегерлерінің негізгі лауазымынан бөлек (енисей жазбаларында – *бег*), елшілік қызметін де қатар алып жүргендігін көреміз. Ескерткіштер арқылы жазба иегерлерінің Тибет жеріне немесе Кара хан еліне аудиенция бастап барғандығын аңғаруға болады.

I. Орхон жазбалары

Орхон бітіктастары мен ескерткіштері тарихи мазмұны мен деректанулық тұрғыдан аса құнды. Онда Түрік елінің саяси тарихы толықтай қамтылмаса да, едәуір дәрежеде хатталынып қашалған. Сондықтан орхон бітіктастары мен ескерткіштері ішінде ең ірісі Білге қаған бітіктасы мен Күлтегін бітіктасында көне түріктердің этносаяси тарихы, этномәдениеті және т.б. жақтарына қатысты мол деректер бар. Одан кейін Тоныкөк, Ел етміш қаған, Онгин (Ел етміш йабғұ) және т.б. бітіктастарда сол дәуірдегі этнотарихы және этносаяси жағдайлардан нақты мәліметтер кездестіруге болады.

Елшілік аудиенциясы туралы ең ауқымды ақпарат Күлтегін және Білге қаған ескерткіштерінде кездеседі.

Мәтін: KT6

UJLYB NDUB iBTt Ftik (51)

iGnmtrib itlK yKil ijsi aOGQCGBT itlK

nuysRDU (52)

aJRUQ itlK nlub aOGQ t uput itrulK zsKgrK

YmuKNUTL

nuysKn aODUB sLUQRQUB rKCrb DGUS

aQDQSTB nuK

itlK NQRTLGU

itlK iCGmT aglibzGU iCGmT CRQm aOGQ

sgrut mLGU xNU (53)

amGTRJ zdb iCugti QRB itlK RUCUWNi

YUDRT aOGQ zQRik

itlK nuysyC iNQic NGQ CGBT iCugti

YTgtib

Транслитерация:

(51) Qĭtañ : Tatabĭ : budun : bašlayu :

(52) Udur Senĭun : kelti : Tabγač qaγanta : Isije : Likeŋ : kelti : bir tŭmen ayĭ : altun kŭmŭš : kergeksiz : kelŭrti : Tŭpŭt : qaγanta : Bŭlŭn : kelti : qurĭya : kŭn : batsiqdaqi : Soγud : Berčeker : Buqaraq ulus : budunta : Inek Senĭun : Oγul Tarqan : kelti :

(53) On oq : oγulum : Tŭrŭgeš : qaγanta : Maqrač : tamγačĭ : Oγuz : Bilge : tamγačĭ : kelti : Qirqiz : qaγanta : Tarduš : İnanču Ćur : kelti : Bariq : itgŭčĭ : Bediz : yaratĭγma : bitig taš : itgŭčĭ : Tabγač : qaγan : čĭqanĭ : Čeŋ Senĭun : kelti :

Аударма (Ф. Айдаров бойынша):

(51) [В качестве] стонущих и плачущих народы кидане и татабы под предводительством

(52) Удар-сенгуна пришли. От табгачского кагана Исьи и Ликенг пришли. Десять тысяч [множество] драгоценностей и золото,



бесчисленное количество серебра они принесли. От тибетского кагана Белен пришел. Сзади, от народов страны солнечного заката – согд, Берчекер и Букарак, пришли Ненг-сенгун [и] Огул-Тархан.

(53) От [народа] «он ок» и моего сына тюргешского кагана – Макрач-тамгачы [и] Огуз Бильге-тамгачы пришли. От кыргызского кагана пришел Тардуш Ынанчу-Чор. Для сооружения [надгробного] здания, для сооружения камня с надписью, украшенного резьбой, пришли каменотесы табгачского кагана [и] Чанг-сенгун (Айдаров 1971: 302-303).

Қазақша:

(51) Қытаң Татабы бүтін (халық)ты бастай

(52) Ұдұр Сеңүн келді. Табғач қағанда Ісіе Лікең келді. Олар бір түмен асыл зат, сансыз алтын, күміс алып келді. Түпіт (Тибет) қағаны атынан Бұлүн келді. Кері күн батыстан Соғды, Берчекер, Бұқарақ ұлысынан Інек Сеңүн, Оғұл Тархан келді.

(53) Он Оқ ұлым Түргеш қаған атынан Макрач таңбашы, Оғыз Білге таңбашы келді. Қырғыз қағаннан Інанчү Чүр келді. Барық ітгүші (жонушы) бәдіз жасаушы, бітіктас ітгүші (жонушы) Табғач қағаннан Чең Сеңүн келді.

Ескерткішінің бұл мәтінінде қолбасшы Күлтегіннің өмірден озуына байланысты ұйымдастырылған жерлеу рәсіміне алыс-жақыннан келіп қатысқан елшілік өкілдерінің аттары аталады.

Мәселен, Күлтегінмен қоштасуға қидан және татабы халқын Удар сеңүн бастап келсе, табғаш қағаны атынан Ісій Лікең, Тибет қағаны атынан Бөлөң, Соғды және Бұқара елінен Нең Сеңүн мен Оғұл тархан қатысқан. Сонымен қатар, Он оқ елі мен Түргеш қағаны атынан Макрач тамғашы мен Оғуз Білге тамғашы, Қырғыз қағаны атынан Тардуш Ынанчу-Чор атты кісілердің келгендігі жазылған.

Сондай-ақ Табғаш қағаны атынан Чаң сеңүн мен Күлтегіннің ғұрыптық кешенін тұрғызуға ілтипат арнайы жіберілген шеберлер де келген.

Мәтіндегі аталған ақпарат Түрік қағанатының көрші елдермен тығыз қарым-қатынаста болғандығын көрсетеді.

Елшілік өкілдерінің Білге қағанның да жерлеу рәсіміне келгендігін төмендегі мәтін үзіндісінен көруге болады.

Мәтін Білге қаған ескерткіші, Мог.Ха:

xTUT GQUB mtrutr GUJ aQzTU itij JWsiB

Lij nizGL(10)

itlK nrzujsib iDYB nuysJT nusil iyQ (11)

Транслитерация:

(10) laγzīn : jīl : bisinči ay : jeti :

otuzqa : yoγ : ertürtim : Buquγ Tutuq :

(11) aqaŋi : Li sün : Tay Seŋün : bašda : bes yüz erin : kelti

Аударма (Ғ. Айдаров бойынша):

(10) В год Свиньи в [735 г.] пятый месяц, в двадцать седьмой [день] я устроил похороны. Булгаг-тутук...

(11) Ли су Тай-сенгун [был] во главе пришедших ко мне пятисот мужей (Айдаров, 1971: 314-315).

Қазақша:

(10) Доңыз жыл: бесінші ай: жиырма жетінші күні жоқтауын өткіздім. Бұқұғ Тұтұқ...

(11) әкесі Лі Сүн Тай Сеңүн бастап бес жүз ері келді.

Бізге жеткен бұл мәтіннен табғаш елінен бес жүз ерді бастап келген Ли Сүн Тай-сеңүн атты кісі туралы ақпаратты көреміз.

Нашар сақталғанына қарамастан Білге қаған ескерткішінде қағанның көршілес тайпаларға елшілік жібергендігі жөнінде ақпарат жетіп отыр.

Мәтін Білге қаған ескерткіші, Мог.:

igtu iBS ugd iCBLJ itruK aQNGQCGBT

NDUB iBTT (39)

njitzmlK

Транслитерация:

(39) /Tatab/i : budun : Tabγač qaγanqa : körti : yalbači edgü : sabi : ötügi : kelmez tejin.

Аударма (Ғ. Айдаров бойынша):

(39) Народ татабийцев подчинился кагану табгачей. Когда от них не было ни посла, ни добрых слов и пожеланий, я выступил (против них) летом (Айдаров, 1971: 313).

Қазақша:

(39) Татабы халқы Табғач қағанға көнді: Елшісі, игі сап-сөзі мен өтініші келмеді.

Біз қарастырған мәтіндер арқылы тарих сахнасында V-XII ғасырлар аралығында өмір сүрген түркі тектес этностар мен көшпелі халықтарды біріктірген Түркі қағандығы империясы ішіндегі және көршілес ұлыстармен қарым-қатынас құру мақсатында жөнелтілген елшіліктер туралы деректерді көре аламыз.

Қорытынды

Әлбетте, жоғарыда көрсетілген жазба деректердегі елшілік туралы ақпараттарды толық деп айту қиын. Дегенмен де, Түрік елінің көрші елдермен дипломатиялық қатынастары туралы қытай, соғды, парсы, грек тілінде бізге жеткен тарихи құжаттарда қағандардың еларалық байланыстары туралы мәліметтер жетерлік (Базылхан, 2014: 21). Ал түркілердің осы оқиғалар туралы төл дипломатиялық құжаттары мол болса да, олардың көпшілігі бізге жетпеді. Осы орайда, көне түркі жазба ескерткіштеріндегі елшілікке қатысты атаулар

мен үзінді ақпараттарды сол дәуірдегі мемлекетаралық қарым-қатынастардың қандай болғандығы туралы жанама дерек ретінде толыққанды пайдалануға болады.

Жазба ескерткіштеріндегі 𐰽𐰺𐰍𐰏 (tabγač) – табғаш (қытай), 𐰽𐰺 (apag) – апар (авар), 𐰽𐰺𐰍𐰏 (tūpūt) – түпүт (тибет), 𐰽𐰺𐰍𐰏 𐰽𐰺𐰍𐰏 (pūrum) – пұрым (ұрым, византиялықтар), 𐰽𐰺𐰍𐰏 taṇut – таңғұт, 𐰽𐰺𐰍𐰏 (tezik) – араб халықтары), 𐰽𐰺𐰍𐰏 (soγdaq) – соғды, 𐰽𐰺𐰍𐰏 (būqaraq) – бұқарлықтар, 𐰽𐰺𐰍𐰏 (toqar) – тоқар және тағы да басқа халықтардың атаулары кездесуі Қағандығының аталған халықтармен кең ауқымда дипломатиялық байланыстар орнатқанын анық көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. // М.: «Наука». 1964. – 214 с.

2. Бабаяров Г. Тюрко-согдийские контакты в период Тюркского каганата (на примере системы управления историко-географическими областями Среднеазиатского междуречья) // Сб. Центральная Азия от Ахеменидов до Тимуридов. Археология, история, этнология, культура. Материалы международной научной конференции, посвященной 100-летию со дня рождения Александра Марковича Беленицкого Санкт-Петербург, 2004. – 57-60 стр.

3. Менандр Протектор, История, стр. 374; Moravcsik, Byzantinoturcica, Bd I, S. 422.

1908 Оtryvok из письма тюркского кагана императору Маврикию цитирует Феофилакт Симокатта (Феофилакт Симокатта, История, стр. 159).

4. Древнетюркский словарь. Издание второе. – Астана: «Ғылым», 2016. – 760 с.

5. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. – М.-Л., 1952. – 116 с.

6. Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. – Алма-Ата: «Наука», 1971. – 379 с.

7. Базылхан Н., Тұяқбаев Ә. Далалық мемлекеттер дипломатиясының ресми құжаттар: жарлықтар, хаттар, елшілік белгілер (XIII-XVIII ғғ). «Ғылым ордасы». – Алматы, 2014. – 206 б.

References

1. Klyashtornyj S. G. Drevnetjurkskie runicheskie pamjatniki kak istochnik po istorii Srednej Azii. [Ancient Turkic runic monuments as a source on the history of Central Asia]. – M.: «Nauka», 1964 – 214 s.

2. Babajarov G. Tjurko-sogdijskie kontakty v period Tjurkskogo kaganata (na primere sistemy upravlenija istoriko-geograficheskimi oblastjami Sredneaziatskogo mezhdurech'ja) [Turkic-Sogdian contacts during the period of the Turkic Khaganate (on the example of the control system of historical

and geographical regions of the Central Asian interfluve] -Sb. Central'naja Azija ot Ahemenidov do Timuridov. Arheologija, istorija, jetnologija, kul'tura. Materialy mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii, posvjashhennoj 100-letiju so dnja rozhdenija Aleksandra Markovicha Belenickogo Sankt-Peterburg, 2004. 57-60 str.

3. Menandr Protektor, Istoriya, str. 374; Moravcsik, Byzantinoturcica, Bd I, S. 422. 1908 Otryvok iz pis'ma tjurkskogo kagana imperatoru Mavrikiju citiruet Feofilakt Simokatta [An excerpt from a letter from the Turkic Khagan to Emperor



Mauritius quotes Theophylact Simocatta] (Feofilakt Simokatta, Istorija, str. 159).

4. Drevnetjurkskij slovar. Izdanie vtoroe [Ancient Turkic dictionary, Second edition]. – Astana: «Gylym», 2016. – 760 s.

5. Malov S.E. Enisejskaja pis'mennost' tjurkov [Yenisei inscriptions of the Turks]. – M-L, 1952. – 116 s.

6. Ajdarov G. Jazyk orhonskih pamjatnikov drevnetjurkskoj pis'mennosti VIII veka. [The

language of the Orkhon monuments of the ancient Turkic writing of the 8th century]. – Alma-Ata: «Nauka», 1971. – 379 s.

7. Bazyłhan N., Tuıaqbaev Ó. Dalalyq memleketter diplomatasynyń resmı qujattar: jarlyqtar, hattar, elshilik belgiler (XIII-XVIII ǵǵ) [Official documents of diplomacy of steppe states: decrees, letters, embassy signs (XIII-XVIII centuries)] «Gylym ordasy». – Almaty, 2014. – 206 s.

Толегенулы Б.

Евразийский национальный университет
им. Л.Н. Гумилева
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: ediz87@mail.ru

Tolegenuly B.

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: ediz87@mail.ru

ПРО НАЗВАНИЯ «ЕЛШИ» И «ЙАЛАБАЧ» В ОРХОНО- ЕНИСЕЙСКИХ ЗАПИСЯХ

С момента открытия древнетюркских письменных памятников интерес к ней возрос в научных кругах. С середины прошлого века текстам памятников стали уделять историографическое внимание и рассматриваться как важный источник по истории тюрков. О дипломатических отношениях тюркских каганатов свидетельствуют в основном исторические документы китайских, согдийских, греческих и др. народ. Однако последние исследования показывают, что древнетюркские письмена хоть и не дают полной информации о внешних и внутренних связях кочевников, но информации, содержащиеся в текстах, могут рассматриваться как косвенные, так и дополнительные данные. В этом контексте в этой статье обобщаются названия посольств, встречающихся в орхоно-енисейских письменных памятниках и приводится список народов, с которыми древние тюрки вступали в дипломатические отношения.

Ключевые слова: битиг, орхон-енисей, древние тюрки, дипломатические отношения, посол, йалабач, тюркские племена.

ABOUT THE NAMES «ELSHI» AND «YALABACCH» IN THE ORKHON- ENISEI RECORDS

Since the discovery of ancient Turkic written monuments, interest in it has increased in scientific circles. Since the middle of the last century, the texts of the monuments have been given historiographical attention and considered as an important source on the history of the Turks. The diplomatic relations of the Turkic Khaganates are evidenced mainly by historical documents of the Chinese, Sogdian, Greek and other peoples. However, recent studies show that the ancient Turkic writings, although they do not provide complete information about the external and internal relations of nomads, the information contained in the texts can be considered both indirect and additional data. In this context, this article summarizes the names of the embassies found in the Orkhon-Yenisei written monuments and provides a list of peoples with whom the ancient Turks entered into diplomatic relations.

Keywords: Bitig, Orkhon-Yenisei, ancient Turks, diplomatic relations, ambassador, Yalabach, Turkic tribes